


Бүгінгі нарық сұранысына сай мәдениет пен өнер сапасында теориялық білімін практикамен шебер ұштастыра алатын жоғары білімді мамандар даярлау заман талабы екені даусыз.

Бұл тұрғыда 80 жылға жуық тарихы бар еліміздегі үздік оқу орындарының үштігіне кіретін М.Әуезов атындағы ОҚУ Мәдениет және спорт факультеті, «Театр және эстрадалық шығармашылық» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы көптеген жылдардан бері жемісті жұмыстар атқарып келеді. 5В090600 -«Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығы, 6В11121- «Продюсер және театр қойылымдарының технологиясы», 6В11124- «Мәдени-тынығу қызметі және эстрадалық ән салу» білім беру бағдарламалары бойынша студенттерге сапалы білім беруге оқу ғимараттарында барлық жағдайлар жасалынған. «Актёрлік шеберлік», «Сахна тілі», «Сахна қозғалысы», «Режиссура», «Грим» пәндерін тәжірибелі мамандар материалдық-техникалық базасы заман талабына сай жабдықталған аудиторияларда өткізіп,

ӨНЕРЛІ ЖАСТАРДЫҢ ӨНЕГЕЛІ ОРДАСЫ



білім алушылардың кәсіби дағдыларды меңгеруіне баса назар аударып келеді. Театрландырылған іс-шараларды өткізуге лайықталған үлкен акт залымен қатар «Оқу театрында» болашақ театр және кино актерлары күнделікті оқу процесінде өз шеберліктерін шыңдай алады. Өнер адамының жан-жақты болуы заман талабы десек, бұл мақсатта кафедра жанынан құрылған вокальды-аспапты ансамбль мен арнайы музыкалық студияның да қосар үлесі үлкен. Сонымен қатар студенттер бос уақытында универ-

ситеттің қоғамдық кәсіптер факультетінде екінші мамандықты тегін меңгеру мүмкіндігін толыққанды пайдалана алады.

Теориялық білімді практикамен ұштастыру мақсатында қаламыздағы жетекші театрлармен оқу-ғылыми өндірістік кешен құру жайлы келісім шарттар құрылып, дуальды оқыту жүйесі жүзеге асырылып, өнер мекемелерінің мәдениет қайраткерлеріне арнайы жүктеме беріліп, студенттер болашақ жұмыс орындарында нақты жағдайда тәжірибе жинақтау мүмкіндігіне қол жеткізуде.

Кафедраның талантты студенттерінен құралған «Театр 17» жастар театры талғамы биік көрерменге бірнеше қойылымдарын ұсынып, оқу орны мен театр арасында өнер сабақтастығы жолға қойылған. Шымкент қаласындағы «Сақ», «Мейрам» киностудияларымен тығыз байланыс орнатылып, өнерлі жастар «Төле би», «Көне жетігеннің сыры», «Әл-Фараби» фильмдерінде түсірілім процесін меңгеріп, актерлық шеберліктерін көрсетсе, 2-курс студенттері Ш.Айма-нов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының жаңа

жобаларына қатысып, университет қабырғасында алған білімдерінің заман талабына сай екендігін дәлелдеді. Көңілге жылулық ұялатар тағы бір нәрсе, бітіруші курс студенттері дипломалды практиканы өту барысында мекеме, ұйым басшылығынан арнайы шақырту алып, диплом алғаннан кейін сол базаға жұмысқа орналасу дәстүрі қалыптасқан. Ал келешегін ғылыммен байланыстыруды көздеген ізденімпаз жастар 6М090600 -«Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығы бойынша магистратурада білімін жалғастыра алады.

Сахнаның сиқырлы әлемін меңгеруді өмірлік ұстанымына айналдырған өнерлі жастарға білім беруде оқытудың заманауи әдістерін меңгерген кафедра ұжымы алдағы уақытта да биік мақсаттарды бағындыра бермек.

Ләйлә ЖУМАБАЙ,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ, «Театр және
эстрадалық
шығармашылық»
кафедрасының аға
оқытушысы.